



**Логопедиялық кеңес ата-аналарға арналған**



**2024 ЖЫЛ**

# Ата-аналарға кеңес

- ✦ Баламен жылы сөйлесіңіз.
- ✦ Жақын қарым-қатынаста жиі болыңыз.
- ✦ Ертегі оқып беріңіз.
- ✦ Әңгімелесіңіз.
- ✦ Қалжыңдасыңыз.
- ✦ Бірге жақсы, күлкілі жағдайларды еске түсіріңіз.
- ✦ Балаға сүйіспеншілігіңізді білдіріңіз.
- ✦ Баланы сыйлаңыз және өз-өзін сыйлауға тәрбиелеңіз.
- ✦ Баланы мақтауға қорықпаңыз.
- ✦ Әр балаға аттаған қадамын, әр кішкене жетістігін қолдаңыз.

## Ата-аналарға кеңес

1. Балаға оны жақсы көретіндігін көрсетіңіз, жетістіктері үшін ғана емес;
2. Балаға оның басқалардан төмен екендігін көрсетпеңіз;
3. Баланың әрбір қойған сұрағына шыдамдылық танытып жауап қайтарыңыз;
4. Күнде балаңызбен бірге болатындай уақыт табыңыз;
5. Балаңызды жолдастарымен және үлкендермен ұялмай қарым-қатынас жасауға үйретіңіз;
6. Балаңызбен мақтанатыныңызды айтып отырыңыз;
7. Балаңызбен әрқашанда шынайы сөйлесіңіз;
8. Баланың өзін емес, іс-әрекетін бағалап отырыңыз;
9. Баланың құқықтарын айтып отырыңыз;
10. Бір мезгіл өзіңізді баланың орнына қойып көріңіз, сонда баланың талабын сезінесіз;





**Баланың айналасындағы адамдардың сөйлеу тілінің дұрыс болмауы немесе баланың сөйлеу тіліне көңіл бөлінбеуі, яғни сөйлеу тілінің дамуына әлеуметтік жағдайының әсері.**





**. Ересектердің бала тіліне,  
соның ішінде тіл  
дыбыстарын дұрыс  
айтуына көңіл бөлмеуі.**



- **Баланың жанындағы адамдардың асығып сөйлеуі. (бала дыбыстарды көру және есту арқылы қабылдай алмайды).**



# Ата-аналарға кеңес

## Есте сақтаңыз:

Баланың еріктік және адамгершілік қасиеттерін сіз қалыптастырасыз. Оның мінезі, талғамы, ақыл-парасаты, білім аясы, қызығушылық әлемі, дағдылары мен әдеттері, мінез артықшылығы мен кемшілігі сізге байланысты. Жақсы қасиеттер балаға ақыл үйретумен, тыйым салумен, жазалау мен қорқытумен емес, әкесі мен анасының үлгілі өмірлік тәжірибесімен, отбасы ошағының жылуы мен жақсылық арқылы беріледі.

